

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

Вместе с тем внедрение методов исторической информатики в отечественную науку ускорит ее интеграцию в мировое научное сообщество, уже применяющее методы исторической информатики в исследованиях и анализе исторического процесса, приблизит формирование системного подхода в изучение истории, повысит точность и объективность выводов.

Список использованных источников

1. Жакишева С.А. Историческая информатика В Казахстане: теория, историография, методики и технологии. – Алматы: Министерство образования и науки Республики Казахстан Комитет науки МОН РК Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МОН РК Казахская академия труда и социальных отношений, 2011. – 336 с.
2. Lawrence McCrank J.: Historical Information Science: An Emerging Unidiscipline Information Today. – Medford, New Jersey.: Information Today, Inc, 2002. – 1192 p.
3. Onno Boonstra, Leen Breure, Peter Doorn. Past, Present and Future of Historical Information Science. – Amsterdam: NIWI-KNAW, 2004. – 126 p.
4. Владимиров В.Н. Историческая информатика: пути развития. – Томск: Вестник Томского государственного педагогического университета. – 2006. — Вып. 1 (52). – С. 86-92.
5. Рогожинский А.Е., Тишин В.В. Древнетюркские рунические надписи и их археологические контексты в горах Кулжабасы. – Алматы: Археология Казахстана, 2018. – С. 143-163.
6. Gai Gutherz, Shai Gordin, Luis Sáenz, Omer Levy, Jonathan Berant. Translating Akkadian to English with neural machine translation. – Oxford: PNAS Nexus, 2023. – Vol. 2. Issue 5. – P. 1-10.
7. Assael, Y., Sommerschild, T., Shillingford. Restoring and attributing ancient texts using deep neural networks. – London: Nature, 2022. – P.280-283.
8. Гарскова И. М. Историческая информатика. Эволюция междисциплинарного направления. – СПб.: Алетейя, 2018. – 408 с.
9. Баталов Р.Н. Радченко Л. К. Обзор основных направлений использования гистехнологий в историко-картографических исследованиях. – Новосибирск: Вестник СГУГиТ, 2020. – Т. 25. – № 1. – С.119-135.
10. Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера Земли – Санкт-Петербург.: Кристал, 2001. – 642 с.

УДК 9. 94

ХІХ ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ – ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ОРЫС-ҚЫТАЙ САУДАСЫНЫҢ КОНТЕКСТІНДЕГІ СЕМЕЙ ОБЛЫСЫ

Қожабаев Алмат Ержанұлы

almat-kozhabaev@mail.ru

Астана қаласы. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

Тарих мамандығының 2-курс магистранты

Ғылыми жетекшісі - Мусабалина Г. Т., т.ғ.д., профессор

Семей — 1718 жылы Ресей империясының әскери форпосты ретінде құрылған қала, кейіннен Семей – Ресей мен Қытай, Моңғолия және Орта Азия хандықтары арасындағы транзиттік сауда орталығына айналды. Семейдегі сауданың қарқынды дамуы қала өмірінің экономикалық, әлеуметтік, мәдени және басқа салаларындағы өзгерістерге себепші болды. ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында Семей облысы Ресей империясының ірі сауда-экономикалық орталығы болып қала берді – ол қазақ қалаларының арасындағы тауар айналымы бойынша алғашқы орындардың біріне иеленді.

ХІХ ғ. ортасында Шыңжаң Қытай, Англия, Ресей мүдделері соқтығысқан орталық болды. Жапония мен Америка Құрама Штаттары да қызығушылық танытты, бірақ Америка

Құрама Штаттары тіпті Қытайдың аумақтық тұтастығы шартымен 1898 жылы қабылданған «ашық есік» доктринасын сүйемелдеді. Ал ағылшын зерттеушісі Р. Эзертон атап көрсеткендей, «орыстар географиялық орналасуының арқасында Қытай Түркістанында бізге қарағанда сауданы ұтымды жүргізе алады» [1, б. 74].

1881 жылы Шыңжаңдағы және оған іргелес жатқан қазақ жерінің кең-байтақ аймағындағы Ресей мен Қытай арасындағы мемлекетаралық қатынастарға негіз болған Петербург шарты жасалды. Іле аймағы Қытайға берілді. XIX ғасырдың екінші жартысындағы бірқатар орыс-қытай келісімдері туралы К.Скачков 1881 жылы былай деп жазды: «Ресейдің Қытаймен құрлықтық көршілестігін және біздің халқымыздың теңіз саудасына қарағанда, құрлық саудасына көбірек бейімділігін ескере отырып, Орталық Азия кеңістігін біздің саудамызға дайын нарық көзі болып табылады. Тікелей жол біздің саудамызды Қытай порттарына емес, ішкі Қытайға апарар жолдың негізі. Петербург шарты Ресей мен Шыңжаңның бүкіл территориясы арасында сауда байланыстарын кеңейтуге жағдай жасады» [2, б. 112].

1851 жылы 25 шілдеде Қытай үкіметімен Құлжада жасалған сауда шартына сәйкес Қытайдың батысындағы Құлжа (қытай атымен Іле) және Шәуешек (Тарбағатай) қалаларында орыс және қытай қол астындағылар арасындағы сауда келесі негізгі бағыттар бойынша жүргізілді:

I. Екі мемлекеттің саудагерлері бір-бірімен айырбас саудасын жүзеге асырады және бағаны еркін және өз қалауы бойынша белгілейді.

II. Құлжа мен Шәуешекке орыс көпестерінің әкелінген тауарларынан Қытай үкіметі тарапынан ешқандай салық алынбайды.

III. Қытайдың аталған қалаларында Ресей үкіметі тарапынан консулдар тағайындалады. Орыс саудагері, жалпы Құлжа мен Шәуешектегі әрбір Ресей империясының азаматы, қытай азаматтарымен қандай да бір ісі болса, консулға жүгінуге міндетті; Ешқандай шағыммен Қытай билігіне баруға тыйым салынады.

IV. Ресейден Құлжа мен Шәуешекке жіберілген әрбір керуеннің старшинасы немесе керуен командирі болады, оны Ресей үкіметі қытай пикеттерінде арнайы билетпен қамтамасыз етуі керек және онсыз керуенді Қытай шекарасына кіргізуге тыйым салынады. Аталмыш билеттер Қытай қарауыл офицерлеріне ұсынылды. Мысалы: керуен Құлжаға барар сапарында, Борохужирдегі қытай пикетінде, ал Шәуешекке барғанда – бірінші қытай пикетінде көрсетілді. Қытай қарауыл офицері керуендермен бірге адамдардың санын белгілеп, сонымен қатар мал мен жүктердің санын жазып алып, керуенді сол офицер әскерімен бірге пикеттен пикетке шығарып салынып отырылды [3, б. 128].

Ресей үкіметі Батыс Қытаймен саудаға және сауда айналымына қатысты келесі ережелерді қатаң сақтау мен бақылауды орнатты:

1) 1-ші, 2-ші, 3-ші гильдиядағы орыс көпестеріне Құлжа және Шәуешекпен сауда жасауға рұқсат етілді. 3-ші гильдияға кіретін саудагерлер үшін бұл құқық бес жылға жарамды болатын арнайы шара түрінде ұзартылды.

2) 1-ші, 2-ші және 3-ші үлгідегі куәліктері бар шаруалардың да сыртқы саудамен айналысуға құқығы бар, ал 3-ші санаттағы көпестер - 1-ші немесе 2-ші санаттағы шаруалармен құқығы тең болды.

3) Ташкенттіктер және Ресей азаматы болып табылмайтын, бірақ империя территориясында қоныстанған басқа азиялықтар, гильдия санатысыз-ақ, «қонақ» атымен Құлжа және Шәуешекпен сауда жасауға құқылы. Бұл құқық 1852 жыл бойы сақталады, яғни 1852 жылы олар Құлжа және Шәуешекпен гильдиялық салықтарды төлемей, орыс қол астындағылардың құқығымен сауда жасай алды.

4) жоғарыда IV бапта аталған керуендердің Батыс Қытайға өтуіне - билеттер Семей, Петропавл, Троицк және Өскемен заставасы кеденінде берілді;

5) Батыс Қытайға әкетуге тыйым салынған тауарлар мыналар болып табылады: құйма және ұнтақ түріндегі алтын мен күміс, сондай-ақ барлық шетелдік монеталар, алтын мен күмістен жасалған ресейлік монеталар, қару-жарақтың барлық түрлері, апиын, ресейлік

банкноттар және кез-келген банкноттар. Шарап пен арақ әкелуге де тыйым салынды [3, б. 130].

Семей облыстық әкімшілігінен және Зайсан полиция бөлімінің басқармасынан Қытаймен сауда жасауға 41 билет алынып, сонша керуен шетелге жөнелтілді, оның 5-і Шәуешек, Кучин және Қобдоға, қалған 34-і Қара Ертіс алқабына қарай бет алды [3, б. 132].

Кесте 1. 1880 ж., Семей әскери губернаторының Қытаймен сыртқы сауда байланысы туралы қосымшасынан.

Атауы	Бағасы
Ресейде жасалған маталар	175381 рубль
Орталық Азия тауарлары, негізінен, тоқыма бұйымдары	12140 рубль
Тері бұйымдары	1346 рубль
Шай	11760 рубль
Иленген былғарылар	29636 рубль
Шойын және мыс бұйымдары	17681 рубль

Барлығы 250853 [рубль]

Кесте 1 бойынша тауар айналымы 1874 жылғы экспортқа қарағанда - 65 694 рубльге артық. Қытайдан экспортталатын негізгі зат өткен жылдардағыдай ямболық күміс² болса, оның 1554 пұты 1 864 800 рубльді Семей қаласы арқылы Кяхтаға жөнелтілді. (Семей қаласындағы пошта бөлімшесіне 847 пұт және Жетісу облысының пошта бөлімшелеріне 707 пұт жеткізілді) [3, б. 132].

Сыртқы саудадағы көпестер өз қызметін кең көлемде дамытты. Құлжадағы белгілі көпес Мұсабаев Мәскеу және Нижний Новгородпен саудасын жүргізді. Үрімшіде 378 орыс көпестері мен саудагерлері болса, оның 183-і округте саудамен айналысқан [2, б. 163].

Сондай-ақ Қытай қалаларында саудаға қол жеткізу үшін 1881 жылғы 3 шілдеде тегін кіру билеттері берілді. – Мысал ретінде: Ресей үкіметі Өскемендік көпес Шерафутдин Ықсамутдиновке берген №164 билет. Қытайдың Құлжа және Шәуешек қалаларына тегін кіре алды [3, б. 133].

1914 жылғы «1909-1913 жылдардағы Тарбағатай ауданындағы орыс-қытай саудасы туралы» Шәуешектегі императорлық орыс консулының баяндамасынан... 1912 жылы Шәуешек сауда фирмалары Тарбағатай ауданына Ресейден жасалған тауарларды 4281661 руб. 93 кооп; оның ішінде қолма-қол ақшамен (аударымдар) алынған 538 599 рубльді қамтыды [4, б. 64].

Кесте 2. 1912 жылы Ресейден Тарбағатай ауданына әкетілген тауарлар тізімі.

Атауы	Бағасы	
	Руб.	кооп.
Мануфактуралық тауарлар	2.301.364	17
Кенеп	23.680	~
Темір өнімдері	25.422	08
Қант	87.974	47
Ұнтақ түріндегі шай	4.862	50
Ұнтақ түріндегі шай «кирпичный»	503.800	~

² Қытай күмісі құймалардағы – ямбо

Дайын көйлектер	3.741.260	~
Қабырғалы және қол сағаттар	1.002	38
Тоқыма машиналары	5.759	62
Табак және темекі	2300	~
Темекіге арналған гильзалар	671	15

1912 жылы Тарбағатай уезінен Ресей шекарасына Ресей экспорттық саудасының жалпы айналымы 3100898 руб. 86 кооп. жетті. Негізгі экспорттық тауарлар мақта, қой және түйе жүні болды [4, б. 66-68].

Кесте 3. Шәуешек орыс саудагерлерінің 1912 жылы Тарбағатайдан Ресейге әкелінген тауарларының толық тізімі.

Атауы	Бағасы	
	Руб.	кооп.
Жабағы	561.490	67
Күзде қырықылған қой жүні	377.241	28
Түйе жүні	35.470	29
Жылқының жалы	10.231	50
Қытай шляпалары	6.100	~
Қытай жібек материалдары	8.200	~
Жүндер... ³	29.843	~
Ірі қара малы	57.300	~
Қой	773.147	~
Өңделген жүн	10.541	50

Ресей шекарасына импорттық сауданың негізгі түрлерінің бірі ірі қара мал, әсіресе қой болды. 1912 жылы Ресей шекарасында қой сату 1911 жылғыдай мал саудагерлеріне тиімсіз болды. 1911 жылы қошқарларды сатып алу бағасы 1912 жылғы сатып алу бағасынан айтарлықтай төмен болды және керісінше, 1911 жылы қошқарларды сату бағасы 1912 жылмен салыстырғанда жоғары болды. Орыс саудагерлері жергілікті Қытай билігі тарапынан көптеген кедергілерге тап болды, олар орыс көпестерінен тауар тасымалдау үшін жалдамалы түйелерді, жалпы алғанда, Қытай билігінің қажеттілігіне жетпейтін көлік құралдарын тәркілеуді бұйырды. Бұл Қытай әскерлерін Алтайға көшіру және бұл әскерлерді азық-түлікпен, әр түрлі заттармен қамтамасыз ету, әскери қару-жарақ тасымалдау үшін қажет болды.

Тарбағатайдағы және жалпы Шыңжаң губерниясындағы орыстардың сауда белсенділігінің артуына 1913 жылы Қытайдың саяси жағдайына байланысты, қытай көпестерінің тауарларының жетіспейтін көлемін өтей алмағандығы үлкен ықпал етті. 1913 жылы Шәуешек көпестері Ресейден Тарбағатай ауданына жалпы сомасы 4 908 774 рубль болатын Ресейде жасалған әртүрлі тауарларды әкелді [4, б. 70].

1913 жылы орыс көпестері Тарбағатай өңірі мен іргелес аудандарда жоғарыда аталған орыс мануфактурасының және басқа да тауарларының барлығын Қытайдың «тецза» деп аталатын жергілікті ақша несиесі арқылы сатылды. Тарбағатайлық Қытай қазынасы төмендеді, бұл «тецзді» ресейлік несие рубліне айырбастау, сосын ресейлік ақша құнының

³ Түлкі, сусар, барыс, сілеусін, қарсақ, қасқыр, борсық, суыр, түйе, жылқы, өгіз, қозы, ешкі, аққұтанның барлығы 15 түрі.

өсуіне әкелді. Сонымен, бастапқыда айырбас бағамы бойынша 1 «тецза» - 1 рубль 10 кооп құраса, 1913 жылы құны жоғалып, кейбір кездері 1 рубльді немесе одан төмен бағаны құрады [4, б. 71].

Шәуешектегі орыс және қытайлық көпестерінің қолында «тецза» өте көп мөлшерде болды. Кейін орыс мен қытай көпестері де шығынға ұшырамас амалын іздеп, екі ел саудагерлері, консулдық қызметкерлер, Тарбағатай әскери губернаторы, басқа да қытай шенеуніктерінің және «киргизские укурдайи»⁴ қатысуымен жиналыста: өзара келісім бойынша саудагерлердің несие рублін және жергілікті Тарбағатай «тецзасын» бір бағамен қабылдап, санау жүйесі орнатылды [3, б. 134].

XIX ғасырдың екінші жартысында – XX ғасырдың басындағы Семей облысы экономикасының сауда-өсімқорлық, ауылшаруашылық саласында, сонымен қатар өңдеуші өнеркәсіптің кейбір салаларында (ұн, темекі-шарап, тері және т.б.) табысты дамыды. Кәсіпкерлік іс-әрекетінің бұл салаларын бөлек қарастырылуы осы салалардың әрбіреуінің бір-бірінен автономды дамығандығын білдірмейді. Бүкіл дерлік революцияға дейінгі әдебиеттерде сауда мен өндіріс бірге беріледі. «Сауда-өнеркәсіптік тап», «сауда-өнеркәсіптік іс-әрекет» сияқты түсініктер жиі кездеседі. Бұл да кездейсоқ емес, себебі көпестердің көбі сауда саласында бастапқы капиталды жинап, кейіннен капиталды өнеркәсіптік бизнеске салуға тырысты. Ал соңғысы, белгілі болғандай, кәсіпкерлікті негізінен ауылшаруашылық өнімді өңдеу саласында көрсетті. Осылайша, кәдімгі өмірде сауда, ауылшаруашылық, өнеркәсіптік кәсіпкерлік бір-бірін толықтырып өмір сүрді. Ірі кәсіпкерлер өз капиталдарын жиі іс-әрекеттің әртүрлі кәсіпкерлігіне салды, себебі бір операциялардың бұзылуы басқалардың табыс табуымен компенсацияланады.

Қазақстан экономикасында сауда және коммерциялық капитал орасан зор рөл атқарды. Кәсіпкерлердің көпшілігі капиталды өнеркәсіпке салмай, негізінен саудамен айналысты, негізгі айналым мен пайда саудадан келді. Қазақстанның әрбір аймағының өзіндік ерекшелігі болды, ол сауданың жекелеген түрлерінің таралуынан көрініс тапты.

Бүгінгі таңда XIX-XX ғғ. тоғысындағы орыс-қытай саудасының мұрасы Семей мен оның төңірегі тарихының маңызды аспектісі болып қала береді. Ресеймен және Қытаймен байланыстар аймақтың экономикалық дамуында шешуші рөл атқаруын жалғастыруда, ал ХХІ ғасырдағы сауда қатынастарының келешегі ынтымақтастық пен экономикалық өсуді нығайту үшін жаңа мүмкіндіктер береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Касымбаев Ж.К. История города Семипалатинска (1718-1917). - Алматы, Олке, 1998. 275 с.
2. Касымбаев Ж.К. Казахстан-Китай: караванная торговля в XIX – начале XX веков. – Алматы, 1996. – 234 с.
3. Торговые связи Семипалатинского Прииртышья (18 - начало 20 в.в.) Сборник документов. Семипалатинск, 2004. 350 с.
4. ЦДНИ ВКО, Р-338, оп.2, д.1, л.64-76.

ӘОЖ 9. 94

АДОЛЬФ ЯНУШКЕВИЧ ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БЕЙНЕСІ

Мұқатай Аружан Ерғазықызы

aruzhan.mukatay.04@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Ерменбаева Г.К.

⁴ Тарбағатай өңіріндегі қазақтар арасынан шыққан жергілікті билік өкілдері.